

**Павлодар облысы білім басқармасы, Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің «Баянауыл ауылының сәбилер бақшасы» КМҚК**

**Педагогикалық кеңестің кезектен тыс хаттамасы**

Өткізілу күні: 04.04.2023 жыл

Қатысқандар: 28

Қатыспағандар: 0

Өткізілу түрі: Дөңгелек үстел

**Тақырыбы:** Павлодар облысы білім басқармасы, Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің «Баянауыл ауылының сәбилер бақшасы» КМҚК өзін-өзі бағалауды жүргізу.

**Мақсаты:** Білім беру қызметінің сапасын арттыру бойынша білім беру ұйымы қызметінің тиімділігіне объективті талдау және өзін-өзі бағалау.

**Күн тәртібінде:**

1. 2020 жылдан бастап 2023 жылдың мамыр айына дейінгі ұйымның қызметіне толық талдау жүргізу.
2. Балабақшаны өзін-өзі бағалау үшін аттестаттау комиссиясын бекіту.
3. Қорытындылау.

**Тыңдалды:** Бірінші сұрақ бойынша балабақша басшысының м.а. С.С. Абжанова сөз сөйледі, ол педагогикалық ұжымды аттестаттау кестесімен, аттестаттау мерзімі 2023 жылдың маусым айында болатынын айтып кетті.

2020-2023 жылдар аралығындағы кезеңде қызметтің барлық бағыттары бойынша сәбилер бақшасының өзін-өзі бағалауын жүргізу қажет.

2023 жылдың 04 сәуірінен бастап 08 мамырына дейін 2020-2023 жылдар аралығындағы кезеңде қызметтің барлық бағыттары бойынша сәбилер бақшасының өзін-өзі бағалауын өткізу.

Екінші сұрақ бойынша балабақша басшысының м.а. С. Абжанова сөз алды, ол өзін-өзі бағалау туралы бұйрықпен таныстырды, ұйымның өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құрамымен таныстырды:

Комиссия төрайымы: С.С. Абжанова

Комиссия төрайымының

орынбасары: Б.С. Муталыпова

Комиссия мүшелері: М.К. Ақошева

Б. Мұрат

Б.С. Абильдина

Хатшы: Д.А. Оразғалиева

Комиссия білім беру ұйымын бағалау критерилеріне және білім беру ұйымын өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізуге тиіс. Комиссия мүшелері білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша есептерді дайындау керектігіне тоқталды.

М.К.Акошеваға–білім беру және оқыту, МЖМБС орындау, тәрбиеленушілердің жетістіктерін бақылау, пәндік – кеңістік орта құру жұмыстарына ал,Б.С.Муталыпова–тәрбиешілер мен педагог кадрлардың сапалық құрамы және жетістіктерінің мониторингі, мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті білім беруді және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау, ата-аналардың сауалнамасын талдау, тәрбиешілермен сауалнама жүргізу жұмыстарын жүктелуін айтып өтті.

Б.Мұрат – өзін-өзі аттестаттауға қатысты құжаттар дайындау керектігін

Б. С. Абильдина-мектепке дейінгі ұйымдарда сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша, сабаққа қатысу мен сырқаттанушылықты талдау, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмысын қадағалау, сонымен қатар Ж. Ахмет-материалдық-техникалық база, негізгі құралдарды сатып алу жөнінде жұмыстар атқару керектігін айтып өтті.

Көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру бойынша білім беру ұйымы қызметінің тиімділігін объективті талдау жасау керектігін айтып өтіп төмендегідей шешім қабылдады.

### **Шешім:**

1.2023 жылдың 04.04.-08.05 кезеңінде Павлодар облысы білім беру басқармасы, Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің «Баянауыл ауылының сәбилер бақшасы» КМҚК өзін-өзі бағалауды жұмыстарын жүргізсін.


Жауапты:Әдіскер Б. Муталыпова мерзімі:04.04-08.052023ж

2.Комиссия 2023 жылдың 08 мамырына дейін білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау жөніндегі есептерін дайындасын. Жауапты Б.Муталыпова. мерзімі: 08.05.2023ж

3.2023 жылдың 8 мамырында Баянауыл ауылының сәбилер бақшасы өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша кезектен тыс №5 педагогикалық кеңес өткізілсін, жауапты Б.Муталыпова.

Педагогикалық кеңестің шешімі дауысқа салынды: бәрі бір кісідей қол көтерді, шешім бір ауыздан қабылданды.

**Педкеңестің төрайымы**

**балабақша басшысының м.а:**  **С. Абжанова**

**Хатшы**

 **Д.Оразғалиева**